

# МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕСІ



## Алғысөз

«Мәңгілік бала бейнесі» — Роза Мұқанова Семей полигонының қасіретін бастан өткерген халық тағдырын терең әрі әсерлі суреттеген драмалық шығарма. Автор бұл туындысында Ләйлә есімді кейіпкер арқылы ауыр кезеңнің үнсіз куәсін, тәні мен жаны жараланған мәңгілік баланың бейнесін ашады. Шығарма адам жанының ішкі әлемі мен қоғамдағы әділетсіздік арасындағы қайшылықтарды көрсете отырып, оқырманға ерекше әсер қалдырады.

Комикс түрінде ұсынылып отырған бұл нұсқа — Ләйлә тағдыры арқылы кейінгі ұрпақты ойландыруға, тарихи шындықты ұмытпауға және бейбіт өмірдің қадірін ұғындыруға бағытталған шығармашылық ізденіс. Комикс жастардың қызығушылығына сай көркем тілде жасалып, шығарманы өзгеше қырынан тануға жол ашады.

Оқырман осы комикс арқылы Ләйләнің жан азабын, айналасындағы қатігездікті ғана емес, оның жүрегіндегі үміт сәулесін, жан тазалығы мен рухани күшін де сезіне алады.

Ізгі тілекпен,  
Комикс құрастырушысы  
Досымхан Нұрсәуле

### **Қысқаша мазмұны:**

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» драмасында Семей полигонының зардабын көрген Ләйлә есімді қыздың ауыр тағдыры суреттеледі. Радиацияның әсерінен Ләйләнің дене дамуы тежеліп, ол өмір бойы бала күйінде қалады. Ата-анасынан ерте айырылған қыз әпкесі Қатираның тәрбиесінде өседі. Алайда ол қоғамнан да, айналасындағы адамдардан да жылулық пен жанашырлық таппай, жалғыздыққа душар болады. Ләйләнің жалғыз сырласы — Ай. Ақырында оның жан дүниесіндегі ауыр күйзеліс пен үмітсіздік қайғылы аяқталуға алып келеді.

### **Шығарманың идеясы:**

- Семей полигонының адам өміріне әкелген қасіретін ашып көрсету;
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға жанашырлық пен түсіністік танытуға шақыру;
- Адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті сақтаудың маңызын көрсету;
- Адамның жан тазалығы мен ішкі рухани сұлулығының мәңгілік құндылық екенін насихаттау.

### **Тақырыбы:**


- Семей ядролық полигонының адам тағдырына тигізген әсері;
- Мүмкіндігі шектеулі баланың жалғыздығы мен ішкі мұңы;
- Қоғамдағы қатыгездік пен немқұрайлық мәселесі;
- Адам жаны мен табиғат арасындағы үйлесім.



Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады.



Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толықсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен.



Ләйла Айға қараған қалпы, қалғып бара жатыр екен, селт етіп, көзін ашты.  
Жанарынан үзілген бір тамшы жас дiр етiп, иегiне құлады.



Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға  
адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін  
мүгедекпін.



О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен  
күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін,  
ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік  
дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім  
кек пен қасіретке толы.



Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым  
болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда, бұл  
жұрт нені айтады? Мен кімін, осы? Мәңгілік  
пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала  
кейіп пе?






Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ, Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде, өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермеп кекке көтерді.




Ең соңғы сөздерді айтқанда иегі кемсеңдеп, жүрегі құрғыр алай-дүлей соғып, езіліп кетті.


Өзі тұратын Қатира тәтесінің үйіне жақындай бөре тынысы тарылып, демі қалтырай шықты. Есіктің тұтқасынан қолын соза беріп, қайта тартып ала қойды. Үй ішіндегі өзіне тосырая қарайтын, ішіп-жеп қадалатын көздерді көргісі келмеді.



Жұрт ұйқыға батқанша отыра тұрсам да болар




Әй, қас қарайса жын қуғандай осы сен қайда кетесің? Не пәлең бар, а?



Ләилә үнсіз төмен қарады. Ісініп, қызарған жанарын да, әбден сілесі қатып шаршаған күйін де тәтесіне сездіргісі келмеді.



Қайда жүрсің деймін мен саған?



Жоқ, жоқ. Терең сайда отыратынымды ешкімге, ешбір жанға айтпаймын. Мен Аймен кездесуге, сонымен сырласуға барамын. Жарық Айдан басқа жанымды түсінер жан таппаған соң терең сайға жүгіремін.



Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә-қыз мүгедек денесіне сабырлылық жинай алмай, ызаға булығып, қалшылдап барады. Қолы мен аяғына әлдекімнің көзі түсе қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын.



Е, енді саған жетпей жүргені меңіреулік пе еді? Оған да жетерсің, меңіреу де атанарсың.



Қайда болдың деймін? Мал қораға қайтып, қол жетпей у-шу болып жатқанда, қайда қашып кетесің? Айт деймін енді, ойбай!



Адам емеспіз бе?






Сөзді қара! «Адам емеспіз бе», - дейді. Адам сиқы жоқ кейпіңе неге қарамайсың, а?

Қатираның ащы тілі сумаңдап, Ләйланың бала жүрегін қып-қызыл қан-жоса етіп тілгілеп, пара-парасын шығарып, түтіп жатыр, түтіп жатыр. Бұрын осындайда жанына тиер сөзді естігенде шыр-пыр болып, зар қағып, жылап еңірейтін қыз, бұл жолы бедірейіп қатқан қалпы, өңі қуарып, Қатирадан көзін алмады.





Сезімсіз, жүрексіз, қатыгез адамның төрт түлігі қашанда сай болады. Табалайсың ғой, табалай бер, табала! Мен осы қасіретті құдайдан сұрап алғанмын! Иә, иә, сеніңше сұрап алған тағдырым осы, осы! Отыңмен кіріп, күліңмен шығып жүрмін емес пе, не жазып едім саған?

Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап-жарық, Жер бетін кезіп, жылжыған қалпы Ләйлә-қызды іздеп жүр. Қарауылдың суынан да, жерінен де, тауынан да сұрап беу-беулеп іздеу салады.



Сен құрсақта жатқанда Дегелең тауының түбінен жер астын дүмпілдетіп, жарылыс болып жатушы еді, сол басылды ма? Іңгеләп, бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай езілдеп кетуші едің. Сол әдеттің ес білгенше қалмап еді...

Түн жамылған сай іші жап-жарық Ай таң атқандай ағартып барады. «Құлыным-ай» - деген ана-дауыс өмірөніп келіп, сай ішін жағалап кетті.



Сай ішіндегі дауыс әлсіреп сөніп, Ай көтеріліп, биіктеп бара жатқандай болды. Сол қалпы, терең сайдағы әр тобылғының түбінен Ләйлә-қызды іздеп, кезіп барады. Бірақ бұл жолы Ай бетіне өмірөніп қарайтын терең сайдағы қыз бейнесі көрінбеді.



Семей полигонының зардабы





Жүр, Қарауылда той бар. Сонда барайық. Сен сорлы да бір сөйіліп қайт.



Адамдар қара-құрым болып, көп жиналған жерден бойын аулақ салып, көзге түспеуге тырысып жүруші еді. Қатирға қояр да қоймай бұған жік-жапар болып, жабысып алды.



Қой-ей, жүр енді, жүр!



Шаршап отырмын

Барамын!





Шіркін-ай, шіркін-ай десейші! Менен басқаның бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бар бақыты - он екі мүшеңнің саулығында екен ғой. Көпке қиған бақыттың өзіне зар болған қандай сормандай едім». Ләйлә той өтіп жатқан үйдің көңілді адамдарына қызыға қарады. Бұршақ-бұршақ болып төгілген көз жасын өлсін-әлсін ел көзінен жасырып сүрте берді. «Білемін, еспеймін. Құдірет-ау, басқа мазағың жетпегендей, әлі көрсетер қасіретің көп пе? Онан да біржола жоқ етіп неге жібермейсің. Неге неге?





Неге неге? Саған да  
керегім жоқ па, менің  
қасиетсіз бейнеме  
ыржалаңдап күлгің  
келе ме?



Көңіліңе басқа ермек таппай,  
мәңгі өспейтін қыз тағдырын  
қызықтайын дедің бе?



**МЕНЕН БАСҚАСЫНЫҢ БӨРІ  
БАҚЫТТЫ**





- Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлә!

Құмарды қара, Құмар!  
Қандай әдемі болып өсіп  
кеткенсің, ғажап!

Қыз жып-жылы жігіт даусына елең етті. Қаптаған жұрттың арасынан әлдекім жырылып қолын созып бұған қарай жақындай түсті.



Таныдың ба?

Таныдым. Неге танымауым  
керек? Сен сондай өзгеріп,  
әдемі болып кетіпсің.  
Бақыттысың ғой... Кешір мені,  
ренжіме...



Сен де... сен де бақыттысың,  
Ләйлек.

Ләйлек, жүр билейік. Мен  
сені биге шақыруға  
келдім.



Тойға келіп едік. Ауылда ешкім де қалмауға айналған ба, қалай? Сені көріп қуанып кеттім...



Сол сәт, жәудіреп қараған Ләйлә-қызды жерден көтеріп алып, маңдайынан сүйді. Қыз жүрегі езіліп кетті. Жігіт, қызды көтерген қалпы, қаптаған көпшіліктің дәл ортасына еніп барады. Екеуі де бүкіл дүниені бір сәт ұмыт еткендей, айналып билеп жүр. Ләйлә-қыз көзін жұмды. Басы айналып кетті ме, әлде ұмыт болған қыз сезім селт етіп, мұның әлсіз денесінің тынышын алды ма, көзін аша алмады. Сол қалпы Құмардың мойнынан қапсыра құшақтап қатып қалыпты.



Қыз егделеп кеткен қолын жасыра қойды. Ұйқыдан оянғандай есін жиып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі.



Құмар, Құмар!  
Қайдасың?..




Құмар қайда? Қайда  
жібердіңдер, қайда кетті?  
Қайда... Қайда?!



Өмірінде алғаш рет адамдармен қатарласып, арман дүниесінің жалынын мықтап бір ұстағандай еді, ол да сусып қолынан шығып кетті. Жаңа ғана бар қасірет атаулыдан біржолға арылып, әуеде қалықтап жүр еді, топ етіп, қара жерге қайта түсті. Қыз тағы да жанұшыра: «Құмар!» деп дауыстап қалып еді, әлдекімдер мырс-мырс етіп күлгенін, пыш-пыш етіп сөйлегенін сезді.

Азаптан, осы бір  
азаптан  
құтқарыңдаршы  
мені





Сол күнгі еңіреген қалың жұрттың дауысы әлдекімдердің құлағына жеткен бе, ақ киім киіп бейтаныс жандар түн ішінде келіп, жетілмей қалған, мәңгілік бала бейне әулетінің бәрін жинап, бітеу қара машинаға тиеп жатты. Ішінен шыққан баласы емес пе, қимастықпен боздаған ата-ана зарлап қала берді. Бұл сәтте Ләйлә терең сайда еді. Оны іздегендер де, іздескендер де таба алмады. Әдеттегідей ел көзінен жасырынып келген Ләйлә-қыз терең сайға жетіп, жарық Аймен кездескен.



Сол түннің суық ызғарын да ұмытып, екі тізесін ебедейсіз өсіп кеткен екі қолымен құшақтап алып Ләйлә ұзақ отырды. Орнынан тұра бере, бұрынғыдай емес денесінің ауырлығын сезді. Бойын күздің қара суығы алып қалды ма, әлде ыстығы көтеріліп тұр ма, егде қолдарының күші қайтып, қайраты таусылып, Қатира үйінің есігін зорға ашты. Әйелдің шатынаған көздері қадалып, мұның онсыз да жаралы жанын онан әрі жаныштап жіберді.






Қумашы



Ләилә көзін аша алмады. Мұп-мұздай қолымен аяғына әлдене тиіп кетсе болды-ақ, еріндері қыбырлап: «Құмар, Құмармысың... Сен қайдан жүрсің? - деп сандырақтайды. Қыздың ауыр халіне ешкім де алаңдап көңіл бөлмегендіктен, оның не айтып, не сөйлеп жатқаны үйдегілерге беймәлім еді. Тек сол күні түнде дәрігер келіп кеткеннен кейін ғана қыз әлсіреп басын көтерді. Бас жағындағы өзін бағып отырғандарға көз салды. Екеуі де көрші ауданның басшы азаматтары сияқты.






Қарағым Ләйла, сенің де көрген қасіретің аз емес. Ертең біздің ауданда қаралы жиын өтпек. Өзің сияқты балаларды өткенде қала жаққа алып кеткен. Содан әлі күнге дейін хабар жоқ. Енді, міне, көзге көрінер өзің қалған екенсің. Ертең өтетін қаралы жиынға өзінді қолға ұстап көтеріп шықсақ, деген ой келіп еді.

Алапат күннің белгісі ретінде, ел басына қатер тұнған күннің белгісі ретінде. Иә... иә, әйтеуір жақсылықтың емес, жамандықтың тек жамандықтың белгісімін. О, құдай...

Бармаймын, бара алмаймын. Кідірмей жүре беріңіздер



Төсек тартып жатқан қыз бетіне Ай сәулесі түсті. Қарауылдың барлық терезесінен сығалап, іздеп, тіпті жүріп, Ләйла-қызды әрең тауып алған сияқты. Әппақ болып, дөңгеленіп, ерекше бір нұрмен қыз бетіне төніп тұр. Науқас қыз Айға қарап алғаш рет жымиған. Көптен күткен жан ашырын, сырласын терезе сыртынан байқап қалып, қыз-жүрегі елжіреп сала берген.



Намысқойын қарай гөр!  
Жаман неменің!

Ойбай, мына бейбақ өліп  
қалғаннан сау ма? Құдай-ау,  
өліп қалыпты. Енді қайттім?  
Қырсықты неменің дәл той  
күні өлетінін кім білген.

«Қап, дәл той күні қылжия қалғанын көрмеімісің. Қасиетсіз неме. Тои үстінде кімге барып, ат үсті өлімді хабарлайсың. Жатсын енді, менен басқа мұны әзір сезе қойған ешкім жоқ», - деген әйелдің сумақай жүйрік ойы бір сәтте шешім қабылдап, кезеріп жатқан қыз жүзін орамалмен жасырып жаба салған. Сол бойы үйден жүгіріп шыққан Қатира сасып қалды. Алыстан, өзіне таныс зарлы әуен талып естілді. Қара жамылған Қарауылдың топ-топ адамдары аңырап, тағы да керісіп жүр. Айтқан сөздерінен төбе құйқаң шымырлап, сай-сүйегің сырқырайды.



Аулақ! Аулақ! Тұңғышымның қызығын  
тойлатуға да мұрша бермедіңдер ме?  
Өлгенде бір көрген қызығымды  
қисаңдаршы, тым болмағанда!



Ендігі жерде Қарауылдың Айы бұрынғыдай толықсып сән бермейді десеңші. Сүттей аппақ болып, қап-қараңғы түннің көзін ашпайды десеңші! Саусақтары дір-дір етіп, кеудесін қысып бара жатқан бешпетінің түймелерін ағыта берді,

## Құрметті оқырман!

Осы комиксті парақтап, Ләйләның әлеміне бірге сапар шеккеніңіз үшін шынайы алғыс білдіреміз. Бұл шығарма – бір ғана кейіпкердің өмір жолы емес, адам жанының нәзіктігін, мейірімнің құдіретін және жүрек жылуының қадірін сезінуге шақыратын сырлы әлем.

Ләйләның бейнесі арқылы біз әр адамның ішкі жан дүниесінде үнсіз жатқан сағынышты, үмітті және жылылыққа деген мұқтаждықты байқай аламыз. Өйткені адам өмірін көркейтетін де, жүрегін жарық ететін де – мейірім мен махаббат.

Бейбіт өмірдің тыныштығын, отбасы жылуының қадірін, әрбір баланың шат күлкісін көздің қарашығындай сақтай білейік. Себебі бала күлкісі – болашақтың үні, ал олардың бақыты – қоғамның шынайы байлығы.

«Мәңгілік бала бейнесі» – тек өткенге көз жүгірту емес, ол адамгершілік, жанашырлық пен жауапкершілік жайлы терең ой қалдыратын шығарма. Әр баланың жүрегіне үңіліп, олардың үнін ести білсек, ертеңіміз де жарық, болашағымыз да мейірімге толы болмақ.

Әр жүректе жақсылық пен жанашырлықтың шырағы сөнбесін. Себебі адамзаттың ең ұлы мұрасы – мейірім.

